



Национальная палата
предпринимателей «АТАМЕКЕН»



Министерство информации и
общественного развития РК



Центр поддержки
гражданских инициатив

**«АСАР» ҮШ ЖАҚТЫ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ ФОРУМЫ АЯСЫНДАҒЫ
«ӘЛЕУМЕТТІК ИННОВАЦИЯЛАР: ӨҢІРЛІК ДАМУ ЖЕТІСТІГІНІҢ
ФОРМУЛАСЫ»**

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫҢ ПЛАТФОРМАСЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР ПЛАТФОРМАСЫНА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Платформа мақсаты

Қоғамның әлеуметтік мәселелерін анықтау мен шешуге, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін ілгерілетуге бизнес пен ҰЕҰ-дың өзара әрекеттестігін нығайту.

Платформаның ұйымдастырушы

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы.

Жалпы ережелер

Платформаға қатысуға жергілікті қауымдастықты дамытуға, жергілікті мәселелерді шешуге тұрғындардың әлеуетін тартуға және осы аймақтардағы өмір деңгейін көтеруге бағытталған жобалар шақырылады. Жобалар бұрындары жүзеге асырылмаған, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде, халықаралық қорлар және/немесе ұлттық ұйымдар тарапынан қаржыландырылмаған, сондай-ақ бір реттік мақсатта жүзеге асырылатын болмауы тиіс.

Платформа келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- **ЭСО-ASAR** (*қоршаған ортаны қорғау бойынша мәселелерді шешуге, халықты экологиялық мәдениетке баулуға және өсіп келе жатқан буынның экологиялық мәселелер жайында білім деңгейін көтеруге бағытталған жобалар*).
- **IT-ASAR** (*сандық жүйеге көшіру арқылы жергілікті қауымдастың мәселелерін шешуге бағытталған жобалар*).
- **INCLUSIVE-ASAR** (*инклюзивті қоғамды дамытуға бағытталған жобалар*).

Платформаның қатысушылары ҰЕҰ және Қазақстанның кәсіпкерлері бола алады.

ҰЕҚ осы ережеге сәйкес келетін өз жобаларын жібере Платформаға қатысуға алады. Бұл жобалар Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының онлайн алаңында орналастырылып, Қазақстанның кәсіпкерлері арасында таратылады.

Кәсіпкерлер жобалармен Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының онлайн алаңында таныса алады.

Егер ҰЕҰ ұсынған жобаларға кәсіпкерлер қызығушылық танытқан жағдайда, олар қаржыландырылады.

Платформа ҮЕҰ мен кәсіпкерлер арасында жаңа ынтымақтастық құру үшін жағдай жасайды, бірақ іс-шараның нәтижесі бойынша қандай да бір жобалардың қаржыландырылуына кепілдік бермейді.

Платформаны өткізу кезеңдері:

Байқау 3 кезеңнен тұрады:

1) бірінші кезең – **29 сәуір мен 24 мамыр аралығында** – ҮЕҰ-дың өтінімдерін жинау;

2) екінші кезең – **27 мамыр және 7 маусым аралығында** – ҮЕҰ-дың жобаларын онлайн-платформада жариялау және кәсіпкерлер арасында тарату. Онлайн-платформада осы ереже талаптарына сәйкес келетін жобалар ғана жарияланады;

3) үшінші кезең – **маусым айының соңы** - ҮЕҰ мен кәсіпкерлер арасында меморандумдарға қол қою.

Байқау өтінімдерін беру тәртібі және формасы

ҮЕҰ Платформаға қатысу үшін 2019 жылдың 24 мамыры күнгі сағат 18.00-ге дейін (Нұр-Сұлтан уақытымен) asar@cisc.kz электрондық поштасына Платформаға қатысу туралы өтінімді қазақ/орыс тілінде жіберулері тиіс.

ҮЕҰ үшін өтінім Қосымша 1-де (MS Word және PDF форматында) көрсетілген формаға сәйкес толтырылады және өтінімге міндетті түрде слайд (10 бетке дейін), бейнеролик (ұзақтығы 3 минутқа дейін), инфографика (5 данаға дейін) түріндегі презентациялық материал тіркеліп жіберіледі.

Ақпараттық материалдарда келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- ✓ Ұйым мен жобаның атауы, бағыты;
- ✓ Белгілі бір мәселені шешуге бағытталған мәселенің сипаттамасы;
- ✓ Жобаның мақсатының сипаты;
- ✓ Мақсатқа жету үшін қажетті қызметтің сипаты;
- ✓ Жобаның кімге және қалай пайдасын тигізетіндігі туралы сипаттама;
- ✓ Жобаны жүзеге асыруға қажетті сома;
- ✓ Жобаның жүзеге асырылу орны;
- ✓ Жобаның жүзеге асырылу қорытындысы бойынша нәтижесі.

Жобаның өз шығынын өзі өтеуі және/немесе алда кіріс табу мүмкіндігі артықшылық болып табылады.

Жоғарыда сұралған ақпарат өтінімде міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Егер қатысушы толық емес мәліметтер ұсынатын болса, ұйымдастырушылар өтінімді қабылдамауға және бұған қатысты түсіндірмелер бермеуге құқылы. Сонымен қатар, қатысушы өтінімдерді тапсыру шарттарын бұзған жағдайда ұйымдастырушылар өтінімді қабылдамауға құқылы.

ПЛАТФОРМА НӘТИЖЕЛЕРІН ШЫҒАРУ.

Кәсіпкерлер тарапынан қолдау тапқан ең сәтті ҮЕҰ жобалары 2019 жылғы маусым айында Павлодар қаласында өтетін «ASAR» үш жақты ынтымақтастық форумына шақырылатын болады.

Қосымша ақпараттарды келесі байланыс номері арқылы алуға болады:

+ 7 7172 22 11 32, asar@cisc.kz.

** Ұйымдастырушылар Байқауды өткізу шарттарына өзгерістер енгізуге құқылы. Өзгерістер туралы ақпарат сайтта жарияланатын болады.*

**Әлеуметтік жобалар Платформасына қатысуға арналған
ҮЕҰ өтінімі**

1. Ұйым туралы ақпарат

Атауы:	
Облыс/елді мекен:	
Нақты мекен жайы:	
Байланыс (жұм. және ұялы):	E-mail:
Ұйымның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеудег) өткен күні мен орны:	
Ұйым жетекшісінің аты-жөні:	

2. Жоба бойынша ақпарат

Жоба атауы:
Жоба бағыты:
Жобаның/идеяның сипаттамасы:
Жобаның мақсаты мен міндеттері:
Шешуге қойылатын мәселе:
Күтілетін нәтиже:
Жобаны жүзеге асыру орны:
Жобаны жүзеге асыру мерзімі:
Қажетті сома:
Жобаның әлеуметтік инновацияға және жергілікті қоғамдастықтардың дамуына қосатын үлесі:

Жетекшінің аты-жөні және қолы

Тапсыру күні

Мөр орны